ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік жарылғыш заттар

№ 6 ЖВ АММОНИТТЕН ЖӘНЕ ПОЛИЭТИЛЕН ҚАБЫҚШАДАҒЫ АММОНАЛДАН ЖАСАЛҒАН ПАТРОНДАР

Техникалық шарттар

Вещества взрывчатые промышленные

ПАТРОНЫ ИЗ АММОНИТА № 6 ЖВ И АММОНАЛА В ПОЛИЭТИЛЕНОВОЙ ОБОЛОЧКЕ

Технические условия

ҚР СТ 2558-2014

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік жарылғыш заттар

№ 6 ЖВ АММОНИТТЕН ЖӘНЕ ПОЛИЭТИЛЕН ҚАБЫҚШАДАҒЫ АММОНАЛДАН ЖАСАЛҒАН ПАТРОНДАР

Техникалық шарттар

ҚР СТ 2558-2014

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрлігінің «Өндірістік қауіпсіздіктің ұлттық ғылыми-техникалық орталығы» акционерлік қоғам базасында құралған ТК 75 «Өндірістік қауіпсіздік» төтенше жағдайдағы қауіпсіздік пен қоғамдық, өндірістік қауіпсіздік саласында стандарттау бойынша Техникалық комитет **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ.**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 20 қарашадағы №239-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**.

3 Осы стандартта 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 «Техникалық реттеу туралы» және 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заң нормалары жүзеге асырылған.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2021 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі».

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік жарылғыш заттар

№ 6 ЖВ АММОНИТТЕН ЖӘНЕ ПОЛИЭТИЛЕН ҚАБЫҚШАДАҒЫ АММОНАЛДАН ЖАСАЛҒАН ПАТРОНДАР

Техникалық шарттар

Енгізілген күні 2016-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт газ немесе шаң қаупі бар кең және шахталардың жер асты шарттары (сульфидті кенде қопару кезінде) және күндізгі бетте жарылыс жұмыстарын жүргізу барысында жарылғыш заттар ретінде құрғақ және суландырылған саңылауларға арналған полиэтилен қабықтағы ұнтақ тәріздес жарылғыш заттар түріндегі аммонал мен №6 ЖВ аммонит – өндірістік суға төзімді патрондалған II топтағы жарылғыш заттарға таратылады.

Патрондарды бастамашылық ету детонациялаған сым көмегімен жарылудың электрлік емес жүйесінің оталдырғышы мен оталдырғыш капсюль, электр оталдырғыштардан жасалады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдануға арналған мынандай сілтемелі нормативтік құжаттар қажет күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың көрсетілген басылымы, ал күні көрсетілмеген стандарттар үшін сілтеме құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгерістермен бірге) қолданылады:

ҚР СТ 1174-2003 – Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлер. Орналастыру және қызмет көрсету

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026-2002 – Дабыл түстері, қауіпсіздік белгілері және дабыл таңбалары. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі

ГОСТ 12.1.004-91 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар

ГОСТ 12.1.005-88 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аумағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық гигиеналық талаптар

ГОСТ 12.1.007-76 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Улы заттар. Жіктеу және қауіпсіздіктің жалпы талаптары

ГОСТ 12.1.018-93 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Статикалық электрдің өрт пен жарылыс қауіпсіздігі. Жалпы талаптар

ГОСТ 12.1.044-89 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Заттар мен материалдардың өрт пен жарылыс қауіпсіздігі. Көрсеткіштер нөмірі және анықтау әдістері.

ГОСТ 12.2.003-91 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік қондырғы. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

ГОСТ 12.3.002 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік процестер. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

ГОСТ 12.4.011-89 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыскерлерді қорғау құралы. Жалпы талаптар мен жіктеу

ГОСТ 12.4.021-75 – Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ауа өткізгіш жүйелер. Жалпы талаптар

ГОСТ 17.2.3.02-78 – Табиғатты қорғау. Атмосфера. Өндірістік кәсіпорындармен улы заттардың рұқсатты мөлшердегі қалдығын белгілеу ережелері

ГОСТ 10354-82 – Полиэтилен таспа. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 – Жүктерді таңбалау

ГОСТ 4117-78 – Өндірістік жарылыс заттарына арналған тротил

ГОСТ 4545–88 – Бризантты жарылғыш заттар. Соққыға сезімталдық сипаттамасын анықтау әдістері.

ГОСТ 14702-79 – Аммиак суға тұрақты селитра

ГОСТ 14838-78 – Алюминий мен суықта түсіруге арналған алюминий құймаларынан жасалған сымдар. Техникалық шарттар

ГОСТ 14839.0–91 – Өндірістік жарылыс заттар. Қабылдау және сынамаларды сұрыптау.

ГОСТ 14839.15-69 – Өндірістік жарылыс заттар. Арақашықтықта детонациялауға қабілеттілігін анықтау әдістері.

ГОСТ 14839.18-69 – Өндірістік жарылыс заттар. Тығыздықты анықтау әдісі.

ГОСТ 14389.20-77 – Өндірістік жарылыс заттар. Қаптама, таңбалау, тасымалдау және сақтау

ГОСТ 19433 – 88 – Қауіпті жүктер. Жіктеу және таңбалау

ГОСТ 21984–76 – Өндірістік жарылыс заттар. Аммонит № 6 ЖВ және суға тұрақты аммонал. Техникалық шарттар.

ГОСТ 22477–77 – Жабық вагондарда көліктік пакеттерді бекіту құралдары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 26653–90 – Негізгі жүктерді тасымалдауға дайындау. Жалпы талаптар.

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер

сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Негізгі өлшемдер мен параметрлер

3.1 Патрон құрылымы 1-суретке сәйкес келеді. Патрондар мынандай диаметрмен дайындалады: 26, 32, 34, 36, 40, 56, 60, 75, 90 мм.

3.2 Патрон диаметрі полиэтилен жеңдерді дайындау барысында жең тәріздес құрылымды қамтамасыз етеді. Патрон диаметрлерінің тәуелділігі, полиэтилен жең ені мен патрон салмағы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Патрон диаметрлері, полиэтилен жең ені мен патрон салмағы

Патрон диаметрі, мм	Полиэтилен жең ені, мм	Патрон салмағы, г
26	41±1	0,200±0,010
32	50±1	0,200±0,10 0,250±0,012
34	53±1	0,200±0,010 0,250±0,012
36	56.6±1	0,300±0,015
40	63±1	0,300±0,15
56	87.9±1	0,600±0,020
60	94±1	1,300±0,05
75	41±1	1,000±0,050 2,000±0,050
90	41±1	1,000±0,050 2,000±0,050 3,000±0,12

а)



б)



в)



г)



а) патрон соңдары алюминий сымнан жасалған түйреуіштермен «айдарда» тығыз бекітілген;
б) «айдарда» тығыз бекітілген патронның бір соңы бүгіледі және жабысқақ таспамен оралады, екінші соң бүтін тігіске ие;
в) патрон соңдары алюминий сымнан жасалған түйреуіштермен «айдарда» тығыз бекітілген, «айдар» қалдығы алынады, екінші соң дәнекерленген тігіске ие;
г) патрон соңдары алюминий сымнан жасалған түйреуіштермен «айдарда» тығыз бекітілген, жіппен тығыз оралған, «айдар» қалдығы бүгіледі және жабысқақ таспамен оралады, екінші соң бүтін тігіске ие;
1 – полиэтилен қабық; 2 – аммонал; 3 – алюминий түйреуіш; 4 – бүтін тігіс;
5 – дәнекерленген тігіс; 6 – жабысқақ таспа «скотч»

1-сурет – Полиэтилен қабықтағы патрон құрылымы

3.3 Патрон салмағы диаметрге байланысты және 2-кестеде көрсетілген

2-кесте – Патрон салмағы

Патрон диаметрі, мм	Патрон салмағы, г
26	0,200 ± 0,010
32	0,200±0,010 0,250±0,012
34	0,200±0,010 0,250±0,012
36	0,300±0,015

40	0,300±0,015
56	0,600±0,020
60	1,300±0,05
75	1,000±0,050 2,000±0,050
90	1,000±0,050 2,000±0,050 3,000±0,12

3.4 Тапсырыс кезіндегі шартты белгі мысалы:

26 – патрон диаметрі;

200 – патрон салмағы.

Патрондағы жарылғыш заттың 200 г салмағы бар Патрондалған № 6 ЖВ аммонит (әрі қарау – ВВ).

4 Техникалық талаптар

4.1 Патрондар осы стандарттарына сәйкес келеді және белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық процесстер регламенттері бойынша дайындалады.

4.2 Сипаттама

4.2.1 Патрон қабығы ГОСТ 10354 бойынша қалыңдығы 0,015-0,020 мм полиэтилен таспадан дайындалады. Дәнекерленген тігіс, ені 3 бастап 5 мм дейін. Полиэтилен патронның бүтіндігін бұзатын басқа ақаулар мен тесіктер, дәнекерленген тігістердің дұрыс дәнекерленбеуі мен күйік кетулеріне жол берілмейді.

4.2.2 Патрон соңдары 2,0-2,5 мм диаметрлі алюминий сымдардан жасалған түйреуіштермен «айдарда» тығыз бекітіледі, патрондардың соңдарын басқа түрлермен бекітуге жол беріледі (1 б), в), г) -сурет қарау).

4.2.3 Соңдарды бекіткеннен кейін түйреуіштер соңдары бір бірін жабатын сақина формасында болады және қабық «айдарында» тығыз бекітіледі.

4.2.4 Физикалық химиялық және жарылыс көрсеткіштері 3-кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес келеді.

3-кесте – Аммонал мен патрондалған аммонит физикалық химиялық және жарылыс көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Норма	
	аммонал	аммонит №6ЖВ
Аммиак селитрасының массалық үлесі, %	80,5±1,5	79±1,5
Тротил массалық үлесі, %	15±1	21±1,5
Алюминий ұнтағының массалық үлесі	4,5±1	-
Ылғал мен ұшпа заттардың массалық үлесі, %, артық емес	0,20	0,20
Патрондағы аммонал тығыздығы, г/см^3	0,95-1,15	1,0-1,20
Патрондағы аммонал салмағы, г	200-250	200-300
100 г полиэтилен гильзаның салмағы, кем емес	1,3	1,3
Патрондар арасындағы арақашықтықта патрондалған жарылғыш заттарды детонациялау, мм, кем емес - құрғақ - бір сағат ішінде суда ұстағаннан кейін	 6 4	 5 3
Уақтағыштық, мм, кем емес	16	14
Фугастық - қорғасын бомбада, см^3, кем емес - баллистикалық тілшікте (салыстырмалы), кем емес	 410 1,01	 365 0,95

4.3 Шикізат пен материалға қойылатын талаптар

4.3.1 Патрондарды дайындау үшін мынандай шикізат пен материалдар қолданылады:

Аммоналға арналған:

- ГОСТ 14702 бойынша ЖВГ маркалы аммиак суға тұрақты селитра;
- ГОСТ 4117 бойынша өндірістік жарылғыш заттарға арналған тротил;
- алюминий ұнтағы;
- ГОСТ 10354 бойынша полиэтилен таспа;
- ГОСТ 14838 бойынша алюминий сым.

Аммонитке арналған:

- ГОСТ 21984 бойынша аммонит №6 ЖВ;
- ГОСТ 10354 бойынша полиэтилен таспа;
- ГОСТ 14838 бойынша алюминий сым.

4.4. Қаптама

4.4.1 Қаптама [1], ГОСТ 14839.20 талаптарына сәйкес келеді.

4.4.2 Патрондарды ГОСТ 14839.20 бойынша гофрленген қатырмадан жасалған жәшіктерге қаптайды. 45 мм дейінгі диаметрлі патрондар қосымша полиэтилен пакеттерге салынады. Пакет мойнын бума түрінде дәнекерлейді. Бұл ретте тесіктер немесе басқа ақауларға жол берілмейді. Дәнекерленген тігістер тегіс және күйдірілген жерлері жоқ.

45 мм жоғары диаметрлі патрондар полиэтилен пакетсіз бума құрмай жәшіктерге салынады.

4.4.3 Патрон салмағы гофрленген қатырмадан жасалған жәшікте 25 кг аспайды.

4.4.4 Патрондарды ағаш талшықты материалдардан жасалған жәшіктерге қаптауға жол беріледі. Жәшіктегі патрон салмағы 40 кг аспайды.

4.5 Таңбалау

4.5.1 Таңбалау [1] талаптарына сәйкес келеді.

4.5.2 ГОСТ 14839.20 сәйкес әр патронға сумен шайылмайтын бояумен мынандай мазмұндағы таңба жағады:

- дайындаушының тауар белгісі немесе дайындаушы кәсіпорынның атауы;
- патрон атауы;
- патрондағы ВВ салмағы;
- топтама нөмірі;
- дайындалған жылы;
- зауыт нөмірі.

4.5.3 Гильза дайындауда қолданылатын таспа түсі – қызыл. Тарысы берушімен келсе отырып, табиғи түстегі таспаны қолдануға жол беріледі:

- патронға типографиялық бояумен ені 15 мм кем емес қызыл жолақ жағу;
- таңба мәліметтерін патрон бетіне флексографиялық қызыл бояумен жағу;
- таңба мәліметтерін полиграфиялық қақтама арқылы қызыл бояумен ыстықтай бедерлеу арқылы жағу.

4.5.4 Таңба айналасында (зауыт нөмірінен басқа) белгіден 2,5 мм арақашықтықта ені 2 мм тікбұрышты жиек жағылады. Қызыл түсті жиегі бар таңба патрондарды қолдануда айырмалық сипат болып табылады.

4.5.5 Бір жәшікке қапталған дайындаушының патрондар нөмірі бірдей және бір топтамадағы бас жәшіктегі патрондар нөмірін қайталамайды.

4.5.6 Ыдысты ГОСТ 14839.20 бойынша таңбалайды. Сыртқы ыдыстың әр жеріне мынандай мазмұндағы таңба орнатады:

- патрондар қапталған осы стандарт белгісі;
- дайындаушы кәсіпорынның тауар белгісі немесе атауы;
- патрондар атауы мен белгісі;
- топтама нөмірі;

- орын нөмірі (қап немесе жәшіктерде):
- нетто салмағы, кг;
- брутто салмағы, кг;
- дайындалған мерзімі (айы мен жылы);
- белгіленген тәртіпте иемденген жағдайда сапаның мемлекеттік таңбасы;
- ГОСТ 19433-88 бойынша жүк қауіптілігінің белгісі;
- топтама нөмірі ООН (0082 немесе 0331 сан, немесе нақты ВВ нормативтік техникалық құжаттамасында көрсетілген басқа сан);
-сақтауды аймен есептелген кепілдеме мерзімі;
- патрондарды тағайындау топтары:
- ВВІІ топ - «Газ және шаң қаупі жоқ шахталар мен кендерге арналған және ашық жұмыстарға арналған»;
- ені 15 мм артық емес қызыл түсті айырмалық жолағы;
- жәшікке салынған патрондардың зауыттық нөмірі;
- ГОСТ 14192 бойынша «Ылғалдан сақтау» жазбасына сәйкес келетін манипуляциялық таңба;
- сақтандыратын жазба «Тастауға болмайды».

5 Қауіпсіздік талаптары және қоршаған ортаны қорғау

5.1 Патрондарды дайындау кезінде ГОСТ 12.3.002 бойынша қауіпсіздік талаптары, [2] талаптары сақталады.

5.2 Аммонал жарылыс және өрт қаупі бар зат болып табылады.

Аммонал қасиеттері:

- 2 аспаптағы төменгі шек, мм……150
- 1 аспаптағы жарылыстар жиілігі, %.....16-32

Үйкеліске сезімталдық, И-6-2 аспаптағы төменгі шек, МПа…….....190-279

1 мин тоқтайтын тұрақты температурадағы тұтану температурасы, °С……310-317

5.3 Аммонит 6ЖВ жарылыс және өрт қаупі бар зат болып табылады.

Аммонит 6ЖВ қасиеті:

- 2 аспаптағы төменгі шек, мм……200
- 1 аспаптағы жарылыстар жиілігі, %.....16-32

Үйкеліске сезімталдық, И-6-2 аспаптағы төменгі шек, МПа……230

1 мин тоқтайтын тұрақты температурадағы тұтану температурасы, °С……..330-336

Тұтанудың минимал қуаты, Дж……0,018

5.4 Аммонал мен аммонит 6ЖВ улы. Улылық олардың құрамына кіретін құрауыш бөліктердің улылығымен көрсетіледі.

Аммиак селитра тері және шырышты қабықтармен байланыс жасауда тітіркендіретін әсер қалдырады.

Тротил бүйректің (гепатит) ауруын, кәнігі суқараңғылық ауруын тудырады, жарақаттанбаған тері арқылы адам денесіне кіре болады.

Алюминий шаңды жұтқан кезде көрсетілетін фиброгендік және аз улы әрекетке ие. Өкпенің алюминоз ауруы даму мүмкіндігі бар, көз, мұрынның шырышты қабығының тітіркенеді.

5.5 Жұмыс аумағының ауасындағы тротилдің шекті рұқсатты шоғырлануы: ГОСТ 21984 сәйкес 0,5 мг/м^3, алюминий ұнтақ 2 мг/м^3, аммиак селитра – 10 мг/м^3.

Адам ағзасына улы әсер ету деңгейі бойынша тротил ГОСТ 12.1.007 бойынша қауіптіліктің екінші тобына (жоғары қауіпті зат), алюминий шаң, аммиак селитра – қауіптіліктің төртінші тобына (аз қауіпті заттар) жатады.

ГОСТ 12.1.005 бойынша жұмыс орны ауасындағы алюминий шаңының шекті рұқсатты шоғырлануы - 2 мг/м^3.

5.6 Жұмыс орны ауасындағы улы заттардың құрамын бақылау белгіленген тәртіпте бекітілген әдістеме бойынша күнделікті жүзеге асырылады.

5.7 Патрондарды дайындау барысында ГОСТ 12.4.011 сәйкес дем алу және ас қорыту мүшелеріне, шырышты қабық, тері сыртына шаңның тап болуынан жеке қорғау құралдарын қолданған жөн, жеке гигиена шарттарын ұстану қажет.

5.8 Белгіленген тәртіпте бекітілген санитарлық ережелер мен нормалар талаптарына сәйкес жұмыскерлерді қамтамасыз ету қажет:

- инженерлік жүйе келтірілген санитарлық тұрмыстық орынмен, жұмыс режимін ұстану;
- арнайы және емдік профилактикалық қоректендірумен (сүт);
- медициналық қызмет көрсетумен;

Талаптарды ұстану қажет:

- өндірістік және тұтану қалдықтарын жинау, қолдану, пайдалану, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау және көмуге;
- өндірістік бақылауды жүзеге асыруда.

5.9 Жұмыстар өткізілетін орындарды ГОСТ 12.4.021 сәйкес ағымдық соратын желдеткішпен жабдықтандырады.

5.10 Патрондарды дайындауда статикалық электр қуатынан қорғау шаралары мен құралдары ГОСТ 12.1.018 сәйкес келеді.

5.11 Өндірістік қондырғы дабыл түстеріне боялады және [5], ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 сәйкес қауіпсіздік белгілерімен жабдықтандырады.

5.12 Өндірістік орындар өрт сөндіру құралдары және [7], ҚР СТ 1174 сәйкес өрт құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Тұтанған аммонал, аммонит 6ЖВ сумен сөнеді.

5.13 Өрттің алдын алу мен өрттен қорғау жүйесіне қойылатын талаптар, қалдықты дайындау және сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету

бойынша ұйымдастырушылық техникалық іс-шаралар [6], ГОСТ 12.1.004 сәйкес орындалады.

5.14 Бракқа шыққан патрондарды, оларды дайындау кезіндегі қалдықтарды жою [2] сәйкес жандыру немесе жағу арқылы жүзеге асырылады.

5.15 Жүкті тиек – түсіру жұмыстарында, тасымалдау, сақтау және патрондарды қолдануда сақ болу керек, пайдалану бойынша жетекшілік, жарылыс жұмыстары кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптары, тасымалдаудың алдын ала қарастырылған ережелері, қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі талаптарын ұстану қажет.

5.16 Патрондарды қауіптілік деңгейі бойынша тасымалдау, сақтау және пайдалануда ГОСТ 19433 және [2] сәйкес D үйлесімділік тобы, 1.1 топша, 1 топқа жатқызады.

5.17 Атмосфералық ауаны, суды және топырақты қорғау ГОСТ 17.2.3.02 сәйкес және белгіленген тәртіпте бекітілген басқа нормативтік техникалық құжаттамамен жүзеге асырылады.

6 Қабылдау ережелері

6.1 Патрондар топтамамен қабылданады. Топтама бір диаметрлі патрондардан тұрады. Топтама ретінде сапа көрсеткіштері бойынша біртектес, бір ауысымда өндірілген патрондардың кез келген мөлшері саналады. Патрондардың әр топтамасы мемлекеттік және орыс, немесе тапсырыс берушінің тілінде паспортпен рәсімделеді (А қосымшасын қарау).

6.2 Өнім (орын) бірлігі ретінде бір жәшік қабылданады. Сұрыптау орынын кездейсоқ сұрыптау әдісімен таңдайды. Сұрыптау көлемі топтамадан 3 % (екі орыннан кем емес).

6.3 Қаптама мен таңбалаудың сыртқы түрін бақылағаннан кейін әр орынды ашу кезінде патрондардың сыртқы түрі мен зауыт нөмірлерінің сәйкестігін тексереді. Жалпы сынаманы құру үшін әр сұрыптау орнынан 5 патрон таңдалады.

6.4 Патрондар 4-кестеге сәйкес қабылдау өткізу сынақтарын өткізу үшін жалпы сынамадан сұрыпталады.

4-кесте – Қабылдау өткізу сынақтарын өткізу үшін патрондарды сұрыптау

Аммонал	
Аммонал салмағы мен полиэтилен гильза салмағын анықтауға арналған	3 патрон
Салмақ пен тығыздықты тексеруге арналған	3 патрон
Кесіктердің өңделу сапасын тексеруге арналған	2 патрон
Құрауыш құрамы, ылғал мен ұшпа заттардың массалық үлесі, уақтағыштық пен қопарылғыштықты анықтауға арналған	2 патрон
Детонацияға қабілеттілікті анықтауға арналған	2 патрон
Аммонит 6 ЖВ	
Аммонит салмағы мен полиэтилен гильза салмағын анықтауға арналған	3 патрон
Суда, ацетон, бензол, толуол мен бензинде ерітілмейтін заттың массалық үлесін анықтауға арналған	2 патрон
Салмақ пен тығыздықты тексеруге арналған	3 патрон
Кесіктердің өңделу сапасын тексеруге арналған	2 патрон
Құрауыш құрамы, ылғал мен ұшпа заттардың массалық үлесі, уақтағыштық пен қопарылғыштықты анықтауға арналған	2 патрон
Детонацияға қабілеттілікті анықтауға арналған	2 патрон

6.5 Кірістік бақылауда тұтынушы мынандай көрсеткіштер бойынша қоймаға түсу барысында патрондарды тексереді:

- сыртқы түр (полиэтилен қабықтың тұтастығы, жәшіктегі зауыт нөмірлерінің үйлесімділігі);

- қаптама, таңбалау сапасы;
- патрондар арасындағы арақашықтықта детонациялау.

Кірістік бақылаудағы сынаққа арналған сұрыптау көлемі әр топтамадан 6 орыннан тұрады. Детонациялау бойынша сынақ үшін әр орыннан 1 бастап 3 патронға дейін сұрыптайды.

6.6 Дайын өнімнің әр топтамасы оның сапасын көрсететін паспорт және тапсырыс кезінде тұтынушымен келісілген, бірақ 5 данадан кем емес мөлшерде «Қолдану бойынша жетекшілікпен» беріледі.

7 Сынақ әдістері

7.1 Көліктік таңбалау мен қаптама сапасы көзбен тексеріледі.

7.2 Патрондардың сыртқы түр (полиэтилен қабықтың тұтастығы, таңбалау сапасы) мен жәшіктегі зауыт нөмірлерінің үйлесімділігі көзбен тексеріледі.

7.3 Аммонал, аммонит 6ЖВ салмағы мен полиэтилен гильза салмағы терістігі 5 г кем емес ВНЦ-10 таразысында өлшеу арқылы анықталады.

7.4 ГОСТ 14839.18 бойынша салмағы анықталған ыдыстан судың қысып шығарылған көлемін өлшеу арқылы есептелген патрондардың тығыздығы.

7.5 ГОСТ 14839.15 бойынша патрондар арасындағы арақашықтықта детонациялау.

7.6 Бақыланбайтын жарылғыш және аммониттердің физикалық химиялық сипаттамалары Б қосымшасында келтірілген.

7.7 Патрон кесіктерінің өңделу сапасы мынандай түрде тексеріледі: патрондарды екі бөлікке бөледі, қабықтан аммоналды төгеді. Алынған «кішкентай стақандарды» ортасына дейін сумен толтырады. Кесілген соңын ширатын орайды және қолмен сумен толтырылған қабықты басады. Кесік айдары мен түйреуішті бекіту орнында су тамшылары болмайды.

8 Тасымалдау және сақтау

8.1 ГОСТ 14839.20 бойынша патрондарды тасымалдау және сақтау көліктің сәйкес түрінде 1 топ, қауіпті жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің кез келген түрімен жүзеге асырылады.

8.2 ГОСТ 26653 бойынша тасымалдауға дайындық.

8.3 Патрондарды тасымалдау үшін жабық теміржол вагондары қолданылады. Теміржолмен тасымалдау түрі – вагон бойынша. Көлік құралдарын жүктеу қауіпсіздік қамтамасыз ету есебімен техникалық нормаларға сәйкес олардың жүк көтергіштігін тиімді пайдалануға дейін жүргізіледі. ГОСТ 22477 бойынша теміржол вагондарын бекітуге арналған құрал.

Теміржол көлік құралына [15] сәйкес жүктің көліктің қауіптілігін сипаттайтын таңбаға жағылады:

- қауіптілік белгісі – 1.1 D;
- жүктің шартты нөмірі – 103;
- апатты карточка нөмірі – 114.

8.4 Патрондарды автомобиль көлік құралында тасымалдауда жүктің көліктік қауіптілігі сипатталатын ақпараттық тақтайша бекітіледі:

- қауіптілік белгісі – 1.1 D;
- ООН нөмірі – 0082;
- жедел шаралар коды – 24Э.

Патрондарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезіндегі апатты карточка нөмірі [14] сәйкес – 1.

8.5 Патрондарды [2] сәйкес дайындаушының (тұтынушының) жабық құрғақ және таза қойма орындарында сақтайды.

9 Дайындаушының кепілдемесі

9.1 Дайындаушы тұтынушы қолдану, тасымалдау және сақтау шарттарын ұстанған жағдайда патрондарды осы стандарт талаптарына сәйкестігіне кепіл береді.

9.2 Патрондарды сақтаудың кепілді мерзімі дайындалғаннан күннен бастап 12 айды белгілейді. Кепілді сақтау мерзімі өткеннен кейін дайындаушының қоймасында сақталған патрондар сынамасын тұтынушымен келісе отырып, жеке топтамаға жинақтауға және олар осы стандарт талаптарына сәйкес келген жағдайда ашық жарылыс жұмыстарына қолдану үшін тұтынушыға жіберуге жол беріледі.

9.3 Кепілді сақтау мерзімі өткенге дейін аммонитті сынау кірістік бақылау бағдарламасы бойынша тұтынушымен жүргізіледі.

9.4 Тасымалдау және сақтау шарттарына ұстанған жағдайда кепілді сақтау мерзімі барысында патрондардағы аммонал, аммонит 6ЖВ ұнтақ тәріздес күйін сақтайды – қолдың үйкелісінен оңай уқаланып жұмсартылады.

А қосымшасы
(ақпараттық)

САПА ПАСПОРТЫ № ____

№ _____ топтамаға

_____
(өнімнің атауы мен шартты белгісі)

Дайындаушы: _____

Топтама салмағы _____ кг

Топтамадағы орын мөлшері _____

Бір орынның салмағы_____ кг

Қабылдау өткізу сынақтарының нәтижелері

Көрсеткіш атауы	Норма	Талдама нәтижелері
Аммиак селитраның массалық үлесі, %		
Тротил массалық үлесі, %		
Алюминий ұнтағының массалық үлесі, %		
Ылғал мен ұшпа заттардың массалық үлесі, %, артық емес		
Патрондағы аммонал тығыздығы, г/см^3, кем емес		
Патрондағы аммонал салмағы, г		
100 г полиэтилен гильза салмағы		
Патрондар арасындағы арақашықтықта патрондалған жарылғыш заттарды детонациялау, см, кем емес - құрғақ - бір сағат ішінде суда ұстағаннан кейін		
Уақтағыштық, мм, кем емес		
Қопарылғыштық, см^3, кем емес		

Қабылдау туралы куәлік_____

«Патрондалған аммонал» және қолдануға жарамды деп табылды.

Дайындаушының кепілдемесі _____

қолдары
Зертхана басшысы
ТББ басшысы
Зауыт директоры

М.П. «____»_____20___ ж.

САПА ПАСПОРТЫ № ____

№ _____ топтамаға

_____

(өнімнің атауы мен шартты белгісі)

Дайындаушы: _____

Топтама салмағы _____ кг

Топтамадағы орын мөлшері _____

Бір орынның салмағы_____ кг

Қабылдау өткізу сынақтарының нәтижелері

Көрсеткіш атауы	Норма	Талдама нәтижелері
Аммиак селитраның массалық үлесі, %		
Тротил массалық үлесі, %		
Ылғал мен ұшпа заттардың массалық үлесі, %, артық емес		
Суда, ацетон, бензол, толуол мен бензинде ерітілмейтін заттың массалық үлесі, %, артық емес		
Патрондағы аммонит тығыздығы, г/см^3, кем емес		
Патрондағы аммонит салмағы, г		
100 г полиэтилен гильза салмағы		
Патрондар арасындағы арақашықтықта патрондалған жарылғыш заттарды детонациялау, см, кем емес - құрғақ - бір сағат ішінде суда ұстағаннан кейін		
Уақтағыштық, мм, кем емес		
Қопарылғыштық, см^3, кем емес		

Қабылдау туралы куәлік _____

«Полиэтилен қабықтағы аммониттен 6ЖВ үйілген патрондар» және қолдануға жарамды деп табылды.

Дайындаушының кепілдемесі _____

қолдары
Зертхана басшысы
ТББ басшысы
Зауыт директоры

М.П. «____»_____20___ ж.

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Б.1-кесте – Бақыланбайтын жарылғыштар және аммониттің физикалық химиялық сипаттамалары

Сипаттамалар	арналған норма	
	аммонит № 6ЖВ	аммонал
Есептік		
Оттегі балансы, %	-0,53	+0,18
Жарылудан туындайтын жылу, кДж/кг (ккал/кг)	4312 (1030)	4940 (1180)
Газ көлемі, л/кг	895	845
Жарылу температурасы, °С	2960	3640
Жарылудан туындайтын жылу бойынша тротил баламасы	1,03	1,18
Тәжірибелік		
Детонациялау жылдамдығы, км/с	3,6-4,8	4,0-4,5
Детонациялау шекті диаметрі, мм:		
Берік қабықтағы ашық заряд	10-13	12-14
	4-6	-
Детонациялау шекті тығыздығы, г/см^3	1,40-1,50	-
ГОСТ 4545-88 бойынша соққыға сезімталдық:		
2 аспаптағы төменгі шек, мм	200	150
1 аспаптағы жарылу жиілігі, %	16-32	16-32
Үйкеліске сезімталдық, И-6-2 аспаптағы төменгі шек, МПа (кгс/см^2)	230 (2335)	190-279 (1936-2840)
Патрондағы ВВ салмақ бойынша, г, патрон ұзындығы, мм :		
200	208-265	216-279
250	260-331	270-349
1 мин кідіретін тұрақты температурадағы тұтану температурасы , °С		
ГОСТ 4546-81 бойынша қопарылғыштық:		
Қорғасын бомбасында, см^3, кем емес	365	410
Баллистикалық тілде (салыстырмалы), кем емес	0,95	1,01

Библиография

[1] Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 57 шешімімен қабылданған КО ТР 028/2012 «Жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті.

[2] Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрінің 2007 жылғы 19 қыркүйектегі № 141 бұйрығымен бекітілген жарылу жұмыстары барысындағы өндірістік қауіпсіздік талаптары.

[3] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген «Қаптама, таңбалау, затбелгі орнату мен оларды дұрыс орналастыруға қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[4] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулысымен бекітілген «Ғимарат, орын және құрылысты автоматты өрт сөндіру жүйесімен жабдықтандыру талаптары» техникалық регламенті.

[5] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 803 қаулысымен бекітілген «Өндірістік объектідегі дабыл түстері, белгілер мен қауіпсіздік таңдаларына қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[6] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

[7] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 қаулысымен бекітілген «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[8] Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрінің 2009 жылғы 21 қазандағы № 245 бұйрығымен бекітілген жарылғыш материалдарын дайындаудағы өндірістік қауіпсіздік талаптары.

[9] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2118 қаулысымен бекітілген «Жарылғыш материалдарын дайындау процесінің қауіпсіздік талаптары» техникалық регламенті.

[10] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 93 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен өндірістік тағайындама құрылыстарына қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері.

[11] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25қаңтардағы № 166 қаулысымен бекітілген «Міндетті медициналық шараларды өткізу ережелері» санитарлық ережелері.

[12] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 168 қаулысымен бекітілген «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауа, топырақтар мен олардың қауіпсіздігі, қалалық және ауылдық елді мекендердегі аумақтың құрамына, адамға әсер ететін физикалық факторлардың көзімен жұмыс жасау шарттарына қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері.

[13] Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі № 621 шешімімен қабылданған «Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкес келетін бағалаудың (растаудың) типтік сызбаларын қолдану тәртібі туралы ережелер».

[14] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау ережелері.

[15] ТМД мүше мемлекеттерінің теміржол көлігі бойынша Кеңесімен бекітілген қауіпті жүктерді теміржол бойынша тасымалдау ережелері (2009жылғы 21-22 мамырдағы № 50 хаттама).

ӘОЖ662.242:006.354(574) **МСЖ 71.100.30**

Түйін сөздер: қабылдау, сұрыптау, өнеркәсіптік жарылғыш заттар, қабылдау-тапсыру сынақтары

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Вещества взрывчатые промышленные

ПАТРОНЫ ИЗ АММОНИТА № 6 ЖВ И АММОНАЛА В ПОЛИЭТИЛЕНОВОЙ ОБОЛОЧКЕ

Технические условия

СТ РК 2558-2014

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» и Техническим комитетом по стандартизации в области промышленной, общественной безопасности и безопасности в чрезвычайных ситуациях «Промышленная безопасность» ТК 75 на базе акционерного общества «Национальный научно-технический центр промышленной безопасности» Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 20 ноября 2014 года № 239-од

3 В настоящем стандарте реализованы положения Законов Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603 и «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2021 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Вещества взрывчатые промышленные

ПАТРОНЫ ИЗ АММОНИТА № 6 ЖВ И АММОНАЛА В ПОЛИЭТИЛЕНОВОЙ ОБОЛОЧКЕ

Технические условия

Дата введения 2016-01-01

1 Область применения

